

Кубекова Олмагуль Усманиевна

*Silkway Халықаралық университеті Педагогикалық факультетінің 2 курс
магистранты, п.ғ.д., профессор Молдабек Қ.
Шымкент, Қазақстан*

4 СЫНЫПТЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚУЛЫҒЫН ТҮЗУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қазақстанның бастауыш мектептерінде, оның ішінде қазақ бастауыш сыныптарында қазақ тілін оқыту мен меңгерту, үйрету мәселелері басым көпшілік жағдайда эмпирикалық болып келеді. Бұл мәселені шешу жаңа буын «Қазақ тілі» оқулықтары шыққаннан кейін дұрыс жолға қойылды. Себебі бұрынғы оқулықтарда тіл ғылымының жетістіктері енгізілгенімен, оны оқушыға қалай меңгерту керек немесе оқушы оны қалай меңгеруі керек деген мәселе жан-жақты қарастырылмады. Тіл ғылымынан теориялық білім берудің таным теориясы негізінде бастауыш сыныптың оқулығын түзу арқылы жүзеге асырылуы керек екендігі туралы бастауыш мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесіне арналған ғылыми жұмыстар мен диссертациялар да қарастырылмаған. Практикалық дағдының теориялық білімді жете меңгергенде бастауыш сыныптың оқулығын түзу арқылы қалыптасатындығы айтылмады. Оның үстіне жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сыныптарында қазақ тілін бастауыш сыныптың оқулығын түзу арқылы оқытудың басты мақсаты оқушылардың сөздік қорын молайтумен, өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастырумен анықталады. Бұған қоса қазақ тілін бастауыш сыныптың оқулығын түзу арқылы оқытудың негізінде бастауыш сынып оқушыларының ойлауы мен тілін дамытуды теориялық білім арқылы қалыптастырудың әдіснамалық, теориялық және әдістемелік негіздерін айқындауға ықпал етеді.

Педагогтардың, әдіскерлердің, ғылыми-педагогикалық зерттеу қызметі орталықтары қызметтерінің басты бағыттарының негізгі өзегі бастауыш сыныптарда тілді оқыту әдістемесі мәселелерімен тығыз байланысты. Ал бұл оқулық теориясымен етене жақын. Сондықтан бүгінгі таңда жас ұрпаққа білім беру жолында сан алуан оқыту құралдарының ішінде оқулықтың алатын орны ерекше. Оқулық-педагогиканың тиімді құралы. Мұнда әрі оқыту, әрі оқу

процестері бірегей жүреді. Сондықтан соңғы кездері ғалымдардың назары бастауыш сыныптарға арналған қазақ тілі оқулығының ғылыми әдістемелік негіздеріне, оны оқыту теориясы мен контексте берілуіне ерекше аууда және елімізде білім беру саласында жүріп жатқан реформаға сай ұлттық сананы жетілдіретін, жас ұрпаққа озық білім жетістіктерін беретін, төлтума салт-дәстүрде тәрбиелейтін оқулықты құрастыру-қазіргі кезеңнің негізгі міндеті. Осы міндетті орындауда елімізде қабылданып жатқан «Білім беру тұжырымдамасы», «Білім беру туралы Заң», білім беру жүйесін реформалау секілді іс-шаралар жүргізілуде. Осының негізінде жаңа буын оқулықтары шығарылып, оқулық жазатын шығармашыл топтар ұйымдастырылуда. Әйтсе де қазіргі күнге дейін ұлттық сананы қалыптастырып, ұлттық таңбасы көрінетін оқулық теориясы жасалған жоқ. Бұл салада бірде-бір ғылыми жұмыс қорғалмаған. Бұл әлі де болса оқулық құрастыру мәселесінің шешілмей жатқандығын білдіреді. Оқыту құралдарының ішінде негізгісі болып саналатын оқулықтың сапалы болуы оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырып қана қоймай, мұғалімдерге өзінің сабағын нәтижелі өтуіне де септігін тигізеді. Бұл проблеманы оқулық жазып жүрген шығармашыл ұжым өз түсініктері ауқымында түсініп, әрқайсысы өзінше шешуде. Сараланған жол, қалыптасқан ғылыми бағыт-бағдар болмаған соң талапқа сай шыққан оқулықтар өкінішке орай көп кездеспейді. Мұның басты себептері, біздің ойымызша, мыналар: біріншіден, оқулық жазатын шығармашыл ұжымды іріктеудегі енжарлық, екіншіден, оқулық қолжазбаларының сапасын анықтайтын комиссиялардың жауапсыздығы, үшіншіден, мектепте негізгі оқулықтармен қоса альтернативті оқулықтардың болмауы; төртіншіден, мектеп мұғалімдерінің немкеттілік пассивтігі; бесіншіден, оқулық құрастыруды негізгі оқулық мәтіндерінің оқушы санасына ауырлығы; жетіншіден, оқулық жасаудың мемлекеттік дәрежеге көтерілмеуі

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруда оқулықтың маңызы зор болғандықтан, ол оқушылардың танымдық қызметін белсендіруде, кітаппен жұмыс істеуге жұмылдыруда, ынталандыруда айрықша мәнге ие. Себебі

оқулықтың міндеті-оқытудың әрбір кезеңіне арналған оқу пәнінің бағдарламасымен қарастырылған практикалық, оқу және тәрбие міндеттерінің кешенді түрде жүзеге асырылуын қамтамасыз ету. Оқулық заманына қарай дамиды, өзгеріп отырады, сондықтан да бұл құбылысты зерттеу еш уақытта күн тәртібіне түспейді.

«Сондай құрал білім-тәрбие алудың ең басты шарты-оқушының ынтасын арттырып қана қоймай, тіпті мұғалім дайындығының әлденедей кем-тетігін білдірмей жібереді. Басқа сөзбен айтқанда, оқулықпен оқытатын ортан қол мұғалім жақсы оқытушы бола алады, яғни жақсы оқыту да, жаман оқыту да оқулыққа тікелей байланысты».

Демек, оқулықтың оқушы өміріндегі қызметі ерекше. Осыны ескере келе ғалымдар XX ғасырдың 70-жылдарынан оқулық теориясын жасау ісін зерттей бастады. Ол Кеңес Одағы кезінде ерекше қолға алынды. Оған дәлел- «Мектеп оқулығының проблемалары» (Проблема школьного учебника); атты жыл сайын шығатын арнайы жинақ. Олай болса, оқулық жасаудың теориясы мен практикасын үнемі толықтырып, жетілдіріп отыру-оқушыларға тиянақты да терең білім беру ісімен әрі қоғамдық құбылыспен тығыз байланысты болғандықтан қай ғасырда да, қандай қоғамдық өмірде де маңызын жоймайтын өзекті мәселе.

Бастауыш мектеп оқулықтарының мәтіндерін түзуде түбірге қосымшалардың күрделене жалғануына ғана емес, жекелей жалғануына да статистикалық дәлдікпен көңіл бөлген жөн. бұл балалардың сөздік қоры молаюына әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Молдабек Қ., Кенжебекова Р.И., Ирметов У.И. Бастауыш мектеп оқушыларына қазақ тілін қатысым әдісі арқылы оқытудың әдіснамасы. Әлем баспаханасы, – Шымкент: 2015.-140 Б.

2. Молдабек Қ., Кенжебекова Р.И. Бастауыш мектепте қазақ тілін қатысымдық технологиямен оқыту-Алматы: ЭСПИ, 2020. -184 бет. Оқу құралы